

Н. А. Жұмабеков,

*заңсыз көші-қон және адам саудасына қарсы күрес бойынша мамандарды даярлау
оқу орталығының аға оқытушы-әдіскері, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

АДАМДАРДЫ САУДАЛАУ ТУРАЛЫ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ САРАПШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР САПАСЫНЫҢ ТАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қылмыстарды іске асырудың күрделенген тәсілдері, қылмыскерлердің ғылыми-техникалық ілгерлеу жетістіктерін белсенді қолдануы, тергеу әрекеттерінің нәтижелеріне дәлелді маңызды талаптардың әдеуір өсуі, көптеген қылмысты, оның ішінде адамдарды саудалауға байланысты қылмыскерді табу, қылмысты ашу және тергеу үшін арнайы білімін кең көлемде қолдану қажеттілігі туралы сенімді айғақтайды.

Құқық қолдану тәжірибесіне өткізілген талдаудың күрделілігі, сарапшының өз құзыретіне артық сенімді болу нәтижесінде, жекелеген жағдайларда, құзыретті емес тұлғамен қойылған талаптардың шектен шығуы, қойылған талаптарды шешу үшін ұсынылған материалдардың жеткіліксіз екендігін тергеуші немесе судьяға хабарлаудың орнына және «дұрыс» қойылған талап мәселелерін шешу үшін қолданады. Зерттеуге жататын заттан хабарсыз адамдар үшін бұл күмән тудырмайды. Тіпті жекелеген жағдайларда сарапшының бастамасы әбден ақталған және мадақталған. Біз, мысалы, дактилоскопиялық зерттеу жүргізіп, сарапшы зерттелетін көріністегі іздер, тепе-теңдік туралы қорытынды үшін папиллярлық сызық құрылысының дәстүрлі қолданылатын белгілердің жеткіліксіздігін атап өттік. Осы жағдайда мүмкіндік болса, сарапшы микробелгілерді қолдануға құқығы бар (терінің ұсақ тесіктері құрылысының белгілері, папиллярлық сызық құрылысының шеттері). Дәстүрлі белгілерді осы микробелгілермен толықтыра отырып, ол қойылған міндетті шешеді. Алғашқылардың біріне зерттеу жүргізу үшін сарапшыға ұсынылған материалдың жеткіліктілігін бағалау жатады. Осы мәселені тергеуші, судья, қорғаушы, егер олар сараптама технологиясының нақты түрі мәселелерінен жеткілікті хабардар болған жағдайда ғана шеше алады.

Сарапшыға жіберілетін бастапқы ақпараттарға, келесі жалпы талаптар ұсынылады: ұйғарымдылығы, яғни, оның қайнар көзі заң тұрғысынан алғандағы жарамдылығы, әдістері мен алу тәсілдері; қатыстылығы, яғни, мазмұны бойынша ұсынылған ақпараттың барлық компоненттерінің байланысты болуы; анықтылығы, яғни, істің нақты жағдаймен дәл келуі, болған істің күмәнсіздігі; репрезентативтілік (өкілділігі), яғни, осындай толық дәрежеде жеткілікті және нақты ақпарат компоненттерінің жиынтығы сараптамалық зерттеулерді қамтамасыз етеді^{1, 190}.

Сот-медициналық сараптаманы тағайындау жолымен тергелетін іс бойынша бірқатар мәселелер анықталады. Клиенттің жезөкшемен жыныстық қатынас, оның өз еркімен жыныстық қатынасқа түскенін куәландыратын іздерін зерттеу, денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлық дәрежесін, жыныстық жетілуі, ер мен әйел адамның репродуктивтік қабылеттілігін, нақты жынысын анықтау, сондай-ақ жыныстық қатынас салдарын анықтау үшін, яғни, жыныстық ауруды жұқтыру, жүктілік және басқа фактілерді орнату мақсатында сараптама жүргізіледі.

Жыныстық қатынас актісін және оның ерікті сипатын анықтау үшін коммерциялық секс жұмыскері мен оның клиенті, оларды ұстағаннан кейін шұғыл түрде сот-медициналық сараптамаға жіберіледі. Мұнда істің жағдайына қатысты, сараптамаға рұқсат алуға мына үлгіде сұрақтар тізімі қойылады: Жезөкшемен жыныстық қатынас орын алды ма? Егер, иә болса онда осыны куәландыратын қандай оқиға мен белгілер және қашан болды? Жезөкше денесінде дене зақымдануы болды ма? Егер бар болса, олар қандай сипатта, оқиға мезгілі, оқшау бөлігі, зияндылық дәрежесі және немен жәбірленді? Клиент жыныстық қатынасқа қабылетті ме? Егер жоқ болса, онда қандай себептермен күштелді? Тұлға (жезөкше немесе клиент) жыныстық жетілу жасына жетті ме? Жезөкшенің жыныс жолдарында немесе оның денесінің басқа да бөліктерінде шәует, қан іздері болды ма? Егер бар болса, онда ол қай топқа жатады? Клиенттің жыныс органдары

тұсында қанның іздері, қынап жасушалары, шаштар болды ма? Егер бар болса, қай топқа жатады? Клиенттің жыныс органдарынан табылған қынап құрамы қандай? Жезөкшенің қынап құрамына ұқсас па? Клиенттің жыныс органдарында қынап жасушасы бар ма? Жезөкшенің қынап микрофлорасымен ұқсас па? Жезөкшенің (оның ішінде ер жыныстылар да) тік ішегінде немесе денесінің басқа да жерлерінде шәует, қан іздері бар ма? Егер бар болса, онда ол қай топқа жатады? Жезөкшеде көп реттік қайталанған жыныс қатынасы туралы дәлелдейтін белгілер болды ма?

Тергеу барысында жезөкшеде соз ауруының барлығы туралы деректер бар болса, онда сарапшы алдына келесі міндеттерді қояды: Осы тұлға соз ауруымен ауыра ма, егер ауырса ауру түрі мен басталуы қай мерзімге жатады? Тұлғаға оның соз ауруымен ауыратындығы белгілі ме?

Жыныстық қатынастың орын алу мәселесін шешудің бірден бір құралы, оқиға болған жерде адам қалдырған қан, жұғынды, шаш және т.б. нысандарды зерттеу болып табылады. Қан іздерін зерттеу кезінде сарапшыға мынадай сұрақтар қойылады: Зерттелетін нысанда қан ізі бар ма? Егер бар болса, ол кімге тиесілі? Қан әйел немесе ер адамға тиесілі ме? Қан кету адам денесінің қай тұсынан болды? Егер қан қынаптан болса, оның пайда болу себебі неден? Қан іздері етеккір циклынан пайда болуы мүмкін бе?

Өзге де нысандар іздерін зерттеу кезінде мынадай сұрақтар қойылады: Киімдегі дақтар неден пайда болуы мүмкін? Егер олар шәует дақтары болса, онда олар қандай топқа жатады? Клиенттің киімінде табылған шәует дақтарында қынапта болатын сұйықтық бар ма? Егер ондай болса, онда ол нақты бір жезөкшеге тиесілі ме? Зерттелетін нысанда сілекей, тер, зәр, немесе басқа да жағындылар бар ма, егер бар болса, онда олар қандай топқа жатады? Зерттеу нысанына шаш ұсынылатын болып табылса, егер иә болса, онда ол адамға тиесілі ме? Егер шаш адамға тиесілі болса, онда олар адам денесінің қай тұсынан болды және осы тұлғаның жыныстық түгі қандай? Шаш нақты тұлғаныкі болуы мүмкін бе? Киімде, көлік құралы салонынан алынған және адам тіндерінің жасуша элементтеріне ұқсас қырындыда шаш болды ма, егер бар болса, онда ол қай жынысқа жатады?

Криминалистикалық сараптамамен шешілетін мәселелер әртүрлі және нақты іс жағдайынан болады. Бірақ көбіне сараптаманың келесі түрлері тағайындалады: қолтаңбалық, көліктік және дыбыстық сараптама.

Қолтаңбалық сараптама кезінде мынадай сұрақтарға жауап беру қажет: Қолжазба мәтіндері көрсетілген тұлғалардың қайсысы орындады? Мәтінді кім жазды — әйел немесе ер адам? Мәтіннің шетіндегі жазу әртүрлі тұлғалармен орындалған ба?

Кең тараған көліктік сараптаманың (дактилоскопиялық, аяқ, адам тістерінің іздерін сараптау, микробөлшектер іздерін салу) әртүрлі түрлері болып табылады. Тергеуші сараптау алдында мынадай міндеттер қояды: Оқиға болған жерден табылған нақты тұлға қол саусақтарының іздерін қалдырған ба? Табылған із нақты тұлғадан алынған аяқ киім ізі болып табылады ма? Осы заттардағы (ірімшіктегі, шоколадтағы және тағы басқалар) тіс ізі нақты адам тісі болып табылады ма?

Оқиға болған жердегі қалдырылған іздер, осы көлік құралының дөңгелек ізі ме? Осы нысанда микробөлшектер бар ма, егер иә болса, онда оның табиғи тегі мен шоғырлануы қандай? Аталған нысандар (клиент және жезөкше киімдері) ондағы бар микробөлшектер бойынша алып қарағанда жанасқан қатынаста болды ма?

Қылмыс үстіндегі жеңгетайларды ұстаудан кейін оның қолынан немесе оның киімінен бояуыш заттардың үлгілерін алады және сондықтан тергеуші химиялық сараптаманы (МЗжБКС) тағайындайды. Осы сараптаманың негізгі міндеті зерттелетін заттың құрамын анықтау, бірнеше бояу үлгілерінен тап осындай заттардың біркелкілігі немесе жоқтығын орнату. Сарапшы-химиктің алдына қоятын негізгі міндеттері мыналар: Зерттелетін зат бояу болып табылады ма, егер иә болса, онда ол шығу тегі, түрі, маркасы және құрамы? Зерттеуге ұсынылған салыстырмалы бояуыш материалдар біркелкі ме? Ұсынылған киімде бояуыш материалдар қабаттары болды ма, болса, онда оның шығу тегі, түрі, маркасы және құрамы? Зерттелуге берілген нысандар (заттар мен бұйымдар) бір-бірімен жанасқан қатынаста болды ма? Бояғыш материалдар немесе олардың бөлшектері іздерінің тасымалдауыш-затта пайда болу механизмі қандай?

Қарастырылған қылмыстарды тергеу кезінде әртүрлі тергеу іс-әрекеттерін өндіру кезіндегі және әсіресе жіті шаралар кезіндегі бейне және дыбыс жазбалары шарттарын

анықтау қажеттілігі туындайды. Фоноскопиялық зерттеудің негізгі міндеттеріне жеңгетай, клиент, сондай-ақ дауысы бойынша басқа да тұлғалар сәйкестігін анықтау жатады. Бұдан басқа дыбыс-бейне жазатын құрылғылар орналастырылуы мүмкін. Сарапшы алдында келесі міндеттер қойылуы мүмкін: фонограммадағы жазылған ауызекі тіл жеңгейтайға, клиентке, жезөкше немесе өзге де тұлғаларға жата ма? Дыбыс жазбаларының қандай көріністері нақты қай тұлғаға жатады? Ұсынылған фонограмма түпнұсқа немесе көшірме болып табылады ма? Ұсынылған фонограмма (бейне жазба) монтаждағанда ұшыраған ба? Егер иә болса, онда оның қай бөлігі монтаждалған? Зерттелуге жататын фонограмма немесе бейне жазба ұсынылған бейне дыбыс жазатын құрылғыда жасалды ма?

Жекелеген жағдайларда іс бойынша зерттелетін категорияларға психиатриялық сараптама тағайындау қажеттілігі туындайды. Оның көмегі негізінде қылмыс процесіне кейбір қатысушылардың психикалық толық танымдылығы анықталады. Материалдарды дайындау және аталған сараптаманы тағайындау өзінің салмағы негізінде өзге де істер категориясы бойынша сараптаманы тағайындау тактикасынан ерекшеленбейді. Алайда, сексопатолог дәрігердің қатысуымен, осы сараптама түрін тағайындаудың кейбір ерекшеліктері болғандықтан сарапшы-психиатрдың алдына мынадай міндеттер қойылуы мүмкін, сот сексологиясы — ғылымды жеке сала ретінде реттейтін ғылыми білім саласын ұсынуы және оның құзыретті шегінен шығуы мүмкін.

«Аталған жағдайда қалай сарапшы-сексологтар өздерінің сараптау (сексологиялық) бөлігін орындағаннан кейін және олармен берілген деректерді міндетті ескере отырып, психиатрлар сарапқа түсушінің жауаптылық қабылеті туралы мәселені шешуі тиіс. Осындай жағдайдан сот-сексологиялық және сот-психиатриялық сараптаманың жеке жүргізілгені түсінікті, осылардың алғашқысы әрқашан кейінгісінен ілгері болады» — деп санайды З. Старович^{ii, 47}.

Кешенді сараптауды тағайындау кезіндегі міндеттер тізімінің үлгісі келесідей болуы мүмкін: нақты тұлғаның психикалық күйі қандай, өз әрекеттерінің (не әрекетсіздігінің) нақты сипаты мен қоғамдық қауіптілігін түсінуі мүмкін бе немесе осымен басқара ма? Сарапқа түсуші психикалық аурулармен ауыра ма, егер иә болса, атап айтқанда қандай аурумен және ол ықтиярсыз емдеуге мұқтаж ба? Нақты тұлға гомосексуализммен ауыра ма, егер иә болса, онда ол белсенді немесе пассивті гомосексуалист болып табылады ма? Нақты тұлғаның сексуалдық бұзылушылығы бар ма, егер иә болса, онда сарапқа түсуші тұлға қандай және оның мінез-құлқы қалай білінеді? Сексуалдық бұзылушылықпен ауыратын нақты тұлға ықтиярсыз емделуге мұқтаж ба?

Біздің зерттеу міндетімізге адам саудасымен байланысты қылмыстарды тергеу кезіндегі барлық сараптарды тағайындау туралы барлық мәселелерді қою кірмейді. Қарастырылған мәселелер тізбелері тек үлгі түрінде ғана болып табылады, осылайша олардың саны мен тұжырымдамасы нақты тергеу жағдайы және ғылыми білімнің сол немесе өзге салаларының дамуына байланысты.

ⁱ Старович З. Судебная сексология. — М., 1991.

ⁱⁱ Гапанович Н. Н. Опознание в следственной и судебной практике (тактике). — Минск, 1978.